

Элективті пәндер каталогы (Қабылдау жылы: 2025 жыл)

ББ шифры және атауы: 7М02201 – «ТАРИХ»

№	Пән атауы	Оқытудың мақсаты	Қысқаша сипаттама	Пререквизиттер/ Постреквизиттер	Дублин дескрипторлары
1-курс					
1	ЖОО-да тарихи пәндерді оқыту әдістемесі (қазақ тілінде)	ЖОО-да тарихи пәндерді оқыту әдістемесінің ерекшеліктерін, жоғары мектептегі сабақ түрлерін ұйымдастырудың ережелерін, дәріс, семинар және ОБӨЖ сабақтарын әдістемелік қамтамасыз ету жолдарын оқытып, түсіндіру.	Курсты оқу барысында магистранттар ЖОО-да тарихи пәндерді оқыту әдістемесінің теориялық мәселелері, тарихи пәндерді оқытудың ерекшелігі, оқытуды жоспарлау мен таныстыру, жоғары білім беру мекемелеріндегі оқытудың қазіргі технологиялары, оларды қолдану жолдары, оқу процесін басқару, жоғары мектептегі бағалау ерекшеліктері мен критерийлері, тарих және білім беруді цифрландыру туралы білімдерін тереңдетеді.	Пререквизиттер: бакалавриат деңгейіндегі курстар, Тарихты оқыту әдістемесі. Постреквизиттер: Жаңа және қазіргі заман тарихын оқытудағы жаңа әдістер мен көзқарастар, Әлем тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас, Отан тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас.	1. ОН 4. Жоғары мектептің педагогикасы мен психологиясы туралы кәсіби білімдерді және басқару процесінің психологиялық заңдылықтарын түсінуді талап ететін ғылыми-зерттеу мен педагогикалық қызмет барысында туындайтын міндеттерді тұжырымдайды және шешеді. 2. ОН 6. Педагогикалық қызметке деген жоғары мотивациясы бар және өзбетінше білім алуға және өзін-өзі тануға ұмтылады. 3. ОН 10. Педагогикалық интеграция теориясы, тарихи пәндерді оқыту әдістемесі, педагогикалық жобалау және тарихи білім беруде медиа-контентті қолдану саласының білімдерін; педагогикалық міндеттерді шешуде әртүрлі пәндік салалардан білімді интеграциялау, әлеуметтік серіктестік пен

					педагогикалық ынтымақтастыққа қабілетті болу біліктері мен дағдыларын меңгерген. 4. Оқу және тәрбие үдерісін ұйымдастырады, педагогикалық үдерісті жоспарлайды және басқарады, педагогикалық қызметтің қорытындысын диагностикалайды, болжау және түзету дағдыларын меңгерген. 5. Басқарушылық және көшбасшылық қабілеттерді қалыптастырады: сыни ойлау, шығармашылық ұстаным, инновациялық көзқарастар жасақтау және кез-келген өмірлік жағдайда шешімдер қабылдау дағдыларын меңгерген.
	Тарихи-биографиялық зерттеудің теориясы мен практикасы (орыс тілінде) Теория и практика историко-биографического исследования (на русском языке)	Тарихи таным процестерін ізгілендіруге бағытталған тарихи және өмірбаяндық зерттеулер жүргізудің ерекшеліктерін (дереккөзтану негізі мен әдіснамасын қоса алғанда) меңгеру; әртүрлі өмірбаяндық дереккөздермен, ғылыми және танымал өмірбаян жанрындағы шығармалармен	Аталған курс тарихи таным үдерісіне «адами өлшемді» енгізуге бағытталған тарихи-өмірбаяндық зерттеуді жүзеге асырудың ерекшелігін (пән, деректанулық база, әдіснама) қарастырады. Магистранттар өмірбаяндық дереккөздердің алуан түрлерімен талдаулық жұмыстың, ғылыми және ғылыми-көпшілік өмірбаян жанрындағы жұмыстардың практикалық дағдыларын дамытады (оның ішінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін	Пререквизиттер: бакалавриат пәндері, «Европа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы», «Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихы», «Қазақстанның жаңа заман тарихы », «Академиялық жазу». Постреквизиттер: курс «Әлем тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас» курсы	1. ОН 7. Тарихи зерттеулерде тақырыптық желілік ресурстарды, деректер базасын, ақпараттық-іздеу жүйелерін, жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдаланады, эмпирикалық материалды жүйелейді, бағалайды, теориялық тұрғыдан зерделейді және қолданады 2. ОН 8. Ғылыми зерттеу нәтижелерін сыни бағалайды және

		аналитикалық жұмыс істеудің практикалық дағдыларын дамыту және тарихи тұлғалардың өмірбаяндары бойынша өзіндік ғылыми зерттеулер жүргізу.	қолдану арқылы), сондай-ақ тарихи тұлғалардың өмірбаяндарына өзіндік ғылыми зерттеулер жүргізеді.		қорытындылайды; іргелі және қолданбалы пәндер білімдерін, заманауи әдіснамалық, пәнаралық тәсілдерді, зерттеудің жалпы ғылыми және тарихи әдістерін пайдалана отырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлайды және жүргізеді. 3. Білім алушы қазіргі тарихи-биографиялық зерттеудің негізгі ерекшеліктерін біледі және түсінеді, пән бойынша қазіргі көзқарастағы деректердің ерекшелігі туралы және пәннің тұтас тарихи білімнің қалыптасуына т зор маңызы туралы үсінігі қалыптасады, қажетті темринология мен методологияны қолдана алады. 4. Адамзат өркениеті тарихындағы жеке фактордың рөлі туралы тарихи дереккөздерді кешенді талдау әдістерін қолдана білу, сондай-ақ зерттелген материалды нақты практикалық жағдайларда, соның ішінде тарихи ғылымның аналитикалық функциясын қолдана білу. 5. Тақырыпты зерттеуге
--	--	--	--	--	--

					жүйелі тәсіл қолдана білу, қазіргі заманғы негізгі тарихи процестерді талдау дағдыларын көрсету және маңызды коммуникативтік дағдыларға ие болу (пікірталас жүргізу, дәлелдеу және т.б.). 6. Тарихи және өмірбаяндық зерттеулерге қатысты дереккөздерді жан-жақты талдау бойынша мамандандырылған әдебиеттермен жұмыс істей білу, эссе жазу және тақырып бойынша есептер немесе презентациялар дайындау. 7. Тарихи зерттеудің өмірбаяндық әдісінің қазіргі жағдайы мен даму динамикасын сипаттайтын материалдардың маңыздылығын бағалау, өзін-өзі оқытуға ұмтылу және тақырып бойынша алынған білімді бағалау және рефлексивті түрде талдау мүмкіндігі. 8. Жұмысында және өмірінде академиялық адалдық қағидаттарын ұстанады, академиялық адалдық тұжырымдамалары мен қағидаттарын, сондай-ақ оларды қолданудың
--	--	--	--	--	---

					мақсаттары мен міндеттерін анықтайды.
	Архивтанудағы архивтік-ақпараттық технологиялар (орыс тілінде) Архивно-информационные технологии в архивоведении (на русском языке)	Заманауи ақпараттық технологияларды архив ісінде тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру және архивтік құжаттарды электрондық форматта сақтау, іздеу, өңдеу, қорғау және басқару үдерістерін үйрету.	Магистранттар қазіргі архив жүйесі, құжаттарды сараптау туралы білімдерін кеңейтеді, автоматтандырылған архивтік технологиялармен, архивтердің интеграцияланған ақпараттық жүйесінің мүмкіндіктерімен, архив сайттарын құру және олардың жұмысымен танысады; архивтерде қойылған зерттеу міндеттері бойынша құжаттарды талдау туралы білімдерін қолданады, олардың барысында дәстүрлі және электрондық ғылыми-анықтамалық аппараттар пайдаланылады.	Пререквизиттер: бакалавриат деңгейіндегі курстар - Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Ғылыми зерттеу әдістері, Архивтану, Археологиядағы ақпараттық технологиялар Постреквизиттер: Қазіргі тарих ғылымындағы пәнаралық байланыстар, Жады және мәдени бірегейлік	1. ОН 2. Әдіснамалық ұстанымдар мен принциптерді ажыратады, тарихи материалдарды жинау бойынша талдау және жүйелеу жұмыстарын іске асырады, тарихнамалық және деректанулық сын дағдылары мен тәсілдерін қолданады. 2. ОН 7. Тарихи зерттеулерде тақырыптық желілік ресурстарды, деректер базасын, ақпараттық-іздеу жүйелерін, жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдаланады, эмпирикалық материалды жүйелейді, бағалайды, теориялық тұрғыдан зерделейді және қолданады. 3. Архив ісіндегі ақпараттық технологиялардың теориялық негіздерін және олардың даму бағыттарын біледі; Электрондық құжат айналымының құрылымы мен жұмыс істеу қағидаттарын түсінеді; 4. Архивтік ақпараттық жүйелерді (деректер базасы, электрондық

					архив, цифрлық сақтау жүйелері) құрастыру және пайдалану дағдыларын меңгереді; Құжаттарды цифрландыру, сканерлеу, метадеректерді енгізу, электрондық сипаттамалар жасау сияқты практикалық жұмыстарды орындай алады; 5. Архивтік ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау және қолжетімді ету процестерінде заманауи технологияларды қолдана алады; Ақпараттық қауіпсіздік, деректерді резервтік көшіру және сандық сақтау стандарттары туралы түсінік қалыптастырады; 6. Ұлттық және халықаралық архив стандарттарын (ISO, ICA және т.б.) қолдану принциптерін біледі; Архив мекемелерінің қызметін автоматтандыру және цифрландыру бағытында кәсіби шешімдер қабылдай алады.
	Әлем тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас (қазақ тілінде)	Дүниежүзі тарихының негізгі мәселелерін зерттеудің жаңа концептуальдық принциптерін қарастыру болып табылады.	Магистранттар әлем тарихының іргелі мәселелерін зерттеудегі жаңа концептуалдық көзқарастармен, историософияның негізгі категориялық аппаратымен, тарихи динамика, тарихтың	Пререквизиттер: Ғылым тарихы мен философиясы, Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау. Постреквизиттер: Отан	1. ОН 5. Әлемдік өркениет үдерісінің заңдылықтары туралы білім мен түсінікті жинақтайды және қолданады, тарихи білімнің әртүрлі салаларындағы негізгі

			құрылымы, қозғалысы, мәні туралы мәселелермен танысады; шетелдердің әлеуметтік-экономикалық, саяси, конституциялық-құқықтық даму тарихының іргелі мәселелерін ой елегінен өткізудің жаңа концептуалдық негіздері, адамның тарихи дәуірлерде өмір сүруінің іргетасы болып табылатын негізгі құндылықтардың эволюциясы туралы білімдерін жүйелейді.	тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас, Ресей империясының Орталық Азиядағы саясаты.	үрдістер мен тұжырымдамаларды талдайды және бағалайды, отандық және дүниежүзілік тарихтың өзекті мәселелеріне ғылыми талдау жүргізу кезінде дәлелдер келтіреді және негіздейді. 2. Білім алушыәлем тарихындағы негізгі кезеңдер мен іргелі мәселелерді (өркениеттердің өзара ықпалы, жаһандану, модернизация, отаршылдық және постотарлық процестер, мәдени диалог) заманауи ғылыми тұжырымдар мен жаңа әдіснамалық бағыттар тұрғысынан түсіндіре алады. 3. Дәстүрлі және қазіргі тарихнамалық көзқарастарды сыни тұрғыда салыстырып, тарихи оқиғалар мен құбылыстарға жаңаша интерпретация бере алады; тарихи деректермен жұмыс істеп, өз ғылыми ұстанымын дәлелдей алады. 4. Әлемдік тарихи тәжірибені қазіргі заманғы жаһандық және ұлттық даму үдерістерін
--	--	--	--	--	--

					түсіндіруде пайдалана алады, тарихи білімін қоғамдық, мәдени және саяси контекстте қолдануға бейім болады.
2	Дәстүрлі ауызша тарихтағы мемлекет және билік идеясы (орыс тілінде)	Қазақтың дәстүрлі ауызша мұрасындағы мемлекет пен билік туралы түсініктерді ғылыми тұрғыда зерделеу, сол арқылы ұлттық тарихи сананы қалыптастыруға үлес қосу.	Курсты оқу барысында магистранттар көшпелілердің саяси ұйымын, жоғары билік түсінігін, қазақ зиялыларының еңбектеріндегі дәстүрлі қоғамдағы билік мәселесін, дәстүрлі өркениеттегі жоғары билік құқығын, Орталық Азия көшпелілерінің құқығындағы «әдет» пен «заң» ұғымдарының өзара арақатынасын, әмбебап құбылыс ретінде дәстүрлі өркениеттегі әдептік құқықты: дүниетаным мен діл мәселелерін зерттейді.	Пререквизиттер: бакалавриат деңгейіндегі курстар - Этнология, Қазақстан тарихының тарихнамасы, Қазақстан тарихының деректемесі, Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы Постреквизиттер: Отан тарихының өзекті мәселелеріне қазіргі теориялық-методологиялық көзқарас, Ресей империясының ұлт саясатындағы қазақ элитасы	1. ОН 5. Әлемдік өркениет үдерісінің заңдылықтары туралы білім мен түсінікті жинақтайды және қолданады, тарихи білімнің әртүрлі салаларындағы негізгі үрдістер мен тұжырымдамаларды талдайды және бағалайды, отандық және дүниежүзілік тарихтың өзекті мәселелеріне ғылыми талдау жүргізу кезінде дәлелдер келтіреді және негіздейді. 2. Білім алушы қазақ халқының дәстүрлі ауызша мұраларында (жырлар, аңыздар, шежірелер, шешендік сөздер) бейнеленген мемлекет, билік, әділет, бірлік туралы түсініктердің мәнін, олардың тарихи және мәдени контекстін терең меңгереді. 3. Білім алушы дәстүрлі ауызша деректерді тарихи танымның көзі ретінде талдап, билік пен қоғамның өзара қатынасын, хандар мен

					билер институтының рөлін ғылыми тұрғыда бағалай алады. 4. Ауызша тарихтағы мемлекеттілік идеяларының қазіргі ұлттық сана мен мемлекеттік идеологияны қалыптастырудағы маңызын түсініп, оларды ғылыми зерттеу мен мәдени білім беру үдерістерінде қолдана алады.
3	Империялар тарихы: ретроспективтік талдау (орыс тілінде)	Әлемдік және аймақтық тарихтағы ірі империялардың пайда болуы, дамуы, басқару жүйесі мен күйреу себептерін жан-жақты зерттеу арқылы мемлекеттілік, билік, өркениеттік даму және мәдени өзара ықпалдастық заңдылықтарын түсіндіру.	Курс империялық формациялар, тәжірибелер мен құрылымдардың табиғаты туралы пікірталастардың түрлі аспектілерін талдауға арналған. Магистранттар ерекше саяси кеңістік ретінде «империя» ұғымына талдау жасайды, Британ, Осман, Француз, Ресей империяларын зерделеуде компаративтік әдісті қолданады, сондай-ақ, табиғи құқық идеясының түрлі түсіндірмелері мен империялық басқарудың әртүрлі стратегияларының салдары туралы білімдерін кеңейтеді.	Пререквизиттер: бакалавриат деңгейіндегі курстар - Жаңа замандағы Қазақстан тарихы, Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы. Постреквизиттер: Ресей империясының ұлт саясатындағы қазақ элитасы, Жады және мәдени бірегейлік.	1. ОН 1. Әлемдік дамудың қазіргі үрдістерін, жаһандық геосаяси үдерістерді талдайды, негізгі тұжырымдамаларды, сондай-ақ қазіргі халықаралық қатынастардың басты мәселелерін ажыратады; тарихи дамудың саяси, әлеуметтік-мәдени, экономикалық факторларын, сондай-ақ адами фактор мен өркениеттік құрамдас бөліктердің рөлін бағалайды. 2. Әлем тарихындағы негізгі империялардың (Рим, Византия, Осман, Ресей, Британ, Қытай, т.б.) қалыптасу, өркендеу және құлау заңдылықтарын

					түсінеді, олардың саяси және мәдени жүйелерін салыстырмалы талдай алады. 3. Білім алушы империялық билік, орталық пен шет аймақ қатынасы, отарлық саясат пен мәдени ықпалдастық сияқты күрделі тарихи үдерістерді сыни тұрғыдан бағалайды және ретроспективтік талдау әдістерін қолдана отырып тарихи деректермен жұмыс істей алады. 4. Білім алушы империялық тәжірибенің қазіргі заманғы геосаяси, ұлттық және мәдени процестерге ықпалын түсіндіріп, тарихи білімін қазіргі халықаралық қатынастар мен мемлекеттілік дамуының контекстінде қолдана алады.
	Қазақстанның тарихи демографиясының мәселелері (қазақ тілінде)	Қазақстан халқының сандық және сапалық құрамының тарихи дамуын, демографиялық үдерістердің (көші-қон, урбанизация, табиғи өсім, этнодемографиялық өзгерістер) себептері мен салдарын зерттеу	Курсты оқу барысында магистранттар тарихи демография, тәуелсіздік жылдарындағы республиканың этнодемографиялық дамуының ерекшеліктері, көші-қон үдерістері, қоғамның жаңа әлеуметтік құрылымының қалыптасуы, урбанизация үрдістері, қалалар тарихы, қала және ауыл халқының өсіп-өнуі,	Пререквизиттер: бакалавриат деңгейіндегі курстар - Қазақстан тарихының тарихнамасы, Қазақстан тарихының деректемесі Постреквизиттер: Қазіргі этнологияның өзекті мәселелері, Жады және мәдени бірегейлік (	1. ОН 6. Тарих ғылымының түрлі бағыттарының (демография, көші-қон үдерістері, этнология және т.б.) қазіргі даму үрдістері туралы білімдерді меңгерген, түрлі тарихнамалық мектептердің тұжырымдамаларына сыни

		арқылы елдің әлеуметтік-экономикалық және этникалық тарихын терең түсіндіру.	ел халқының, соның ішінде қазақтардың білім деңгейіндегі өзгерістер туралы білімдерін жүйелейді.		қарайды және зерделейді, отандық және батыс тарихнамасының теорияларын ажыратады. 2. Білім алушы Қазақстан халқының әр тарихи кезеңдегі демографиялық дамуының негізгі кезеңдерін, көші-қон үдерістерін, этнодемографиялық құрамының өзгеруін және оған әсер еткен әлеуметтік-саяси, экономикалық факторларды біледі. 3. Тарихи деректер мен статистикалық материалдарды пайдалана отырып, халық санының динамикасын, урбанизация, миграция, табиғи өсім мен өлім көрсеткіштерін талдай алады және демографиялық саясаттың тарихи нәтижелерін бағалай алады. 4. Тарихи демографияның әдіс-тәсілдерін қазіргі демографиялық зерттеулерге қолдана отырып, қоғамның әлеуметтік құрылымы мен халықтың тарихи даму үрдістерін түсіндіруге, сондай-ақ ұлттық демографиялық саясатты ғылыми тұрғыда негіздеуге
--	--	--	--	--	--

					қабілетті болады.
	Отан тарихының өзекті мәселелеріне қазіргі теориялық-методологиялық көзқарас (қазақ тілінде)	Білім алушыларға Қазақстан тарихының іргелі мәселелеріне қатысты жаңаша ұстанымдар мен көзқарастарды игерту болып табылады.	Курс қазақстандық, ресейлік және шетелдік авторлардың түрлі деректері мен зерттеулерін пайдалана отырып, Қазақстан тарихының теориялық өзекті мәселелерін оқуға арналған. Курсты оқу барысында магистранттар Қазақстандағы қазіргі заманғы тарих ғылымы дамуының негізгі тарихнамалық бағыттары мен мектептері өкілдерінің теориялық-методологиялық, нақты-тарихи көзқарастары туралы білімдерін жетілдіреді.	Пререквизиттер: Ғылым тарихы мен философиясы, Тарихи-биографиялық зерттеудің теориясы мен практикасы Постреквизиттер: Тарихи-антропологиялық зерттеулердегі пәнаралық әдістер, Қазіргі тарих ғылымындағы пәнаралық байланыстар, Қазіргі этнологияның өзекті мәселелері	1. ОН 8. Ғылыми зерттеу нәтижелерін сыни бағалайды және қорытындылайды; іргелі және қолданбалы пәндер білімдерін, заманауи әдіснамалық, пәнаралық тәсілдерді, зерттеудің жалпы ғылыми және тарихи әдістерін пайдалана отырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлайды және жүргізеді. 2. Отан тарихының негізгі кезеңдері мен өзекті мәселелерін (мемлекеттіліктің қалыптасуы, ұлт-азаттық қозғалыстар, әлеуметтік өзгерістер, тәуелсіздік дәуірі) заманауи теориялық және методологиялық тұрғыдан түсіндіре алады, тарихи білімнің ғылыми негіздерін меңгереді. 3. Қазіргі тарих ғылымындағы теориялық мектептер мен методологиялық бағыттарды (өркениеттік, постколониалдық, ұлттық тарихнама, жаһандық тарих т.б.) талдап, оларды Отан тарихының нақты мәселелерін зерттеуде қолдана алады; тарихи деректерге сыни тұрғыдан

					баға беріп, ғылыми талдау жүргізеді. 4. Теориялық және методологиялық білімін ғылыми зерттеу, тарихи жоба немесе аналитикалық жұмыс барысында қолдана алады; сонымен қатар ұлттық тарихтың өзекті мәселелерін қазіргі ғылыми көзқарас тұрғысынан бағалайтын және түсіндіретін кәсіби қабілетке ие болады. 5. Курс қазіргі тарих ғылымының әдіснамалық негіздерін меңгертіп, Отан тарихын жаңа ғылыми парадигма тұрғысынан талдай білуді үйретеді.
	Көпполярлы әлем дәуіріндегі халықаралық қатынастар (ағылшын тілінде)	Қазіргі жаһандық саясаттағы көпполярлық құрылымды, халықаралық қатынастардың динамикасы мен негізгі акторларын талдау арқылы студенттерге халықаралық саясатты ғылыми тұрғыдан түсіну және бағалау қабілетін қалыптастыру.	Курсты оқу барысында магистранттар қырғи-қабақ соғыс аяқталғаннан кейінгі халықаралық қатынастардың негізгі үрдістерін зерттейді. Халықаралық қатынастар жүйесінің өзгеруі, жаңа күш орталықтарының пайда болуы және жаһандық қауіпсіздік институттарының қызметіндегі дағдарыстық құбылыстардың дамуы жағдайындағы Ресей, АҚШ, Қытай, Ұлыбритания, Франция және басқа мемлекеттердің сыртқы саясаты талданады.	Пререквизиттер: бакалавриат деңгейіндегі курстар - Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы Постреквизиттер: Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар (	1. ОН 1. Әлемдік дамудың қазіргі үрдістерін, жаһандық геосаяси үдерістерді талдайды, негізгі тұжырымдамаларды, сондай-ақ қазіргі халықаралық қатынастардың басты мәселелерін ажыратады; тарихи дамудың саяси, әлеуметтік-мәдени, экономикалық факторларын, сондай-ақ адами фактор мен өркениеттік құрамдас бөліктердің рөлін

					бағалайды. 2. Халықаралық қатынастар теорияларын және көпполярлы әлемдегі қазіргі халықаралық жүйенің құрылымы мен негізгі акторларын түсінеді; халықаралық саясаттағы негізгі тенденциялар мен үрдістерді сипаттай алады. 3. Халықаралық саяси, экономикалық, әскери және мәдени факторларды сыни талдау арқылы, мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың іс-қимылдарын бағалай алады; жаһандық қауіпсіздік пен халықаралық дауларды ғылыми тұрғыдан талдайды. 4. Білім алушы халықаралық қатынастардағы теориялық білімін дипломатиялық, аналитикалық және стратегиялық зерттеу жұмыстарында қолдана алады, сонымен қатар көпполярлы әлемдегі халықаралық үдерістерді түсіндіру және болжау қабілетіне ие болады.
	Қазіргі әлемдегі көші-қон үдерістері (ағылшын тілінде)	Курстың мақсаты – магистранттарда қазіргі әлемдегі көші-	Курс көші-қон үдерістерін оқып-игерудің заманауи тәсілдері, әдістері мен қағидалары туралы,	Пререквизиттер: Ғылым тарихы мен философиясы, Ғылыми	1. ОН 6. Тарих ғылымының түрлі бағыттарының

		қон үдерістері туралы білімдерін кеңейту.	жаһандану жағдайында қазіргі әлемдегі көші-қонның ерекшеліктері, көші-қонның демографиялық үдерістерге ықпалы, оның себептері мен салдары, оның ішінде еңбек көші-қоны туралы білімдерді жүйелейді; магистранттар заңсыз көші-қон мәселелеріне, АҚШ пен Еуропалық Одақ елдерінің көші-қон саясатына баға береді.	зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау Постреквизиттер: Отан тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас, Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар.	(демография, көші-қон үдерістері, этнология және т.б.) қазіргі даму үрдістері туралы білімдерді меңгерген, түрлі тарихнамалық мектептердің тұжырымдамаларына сыни қарайды және зерделейді, отандық және батыс тарихнамасының теорияларын ажыратады. 2. Қазіргі әлемдегі көші-қон үдерістерінің негізгі түрлері (ішкі, халықаралық, заңды және заңсыз көші-қон), себептері, динамикасы және демографиялық, әлеуметтік, экономикалық салдары туралы толық түсінік алады. 3. Білім алушы көші-қон деректерін, статистикалық ақпарат пен халықаралық тәжірибені пайдалана отырып, көрсеткіштерді талдайды, үрдістерді салыстырады және олардың әлеуметтік-саяси әсерін бағалайды. 4. Көші-қон мәселелерін ұлттық және халықаралық саясат контекстінде талдап, стратегиялық шешімдер мен ұсыныстар жасауға қабілетті болады; сонымен қатар демографиялық және
--	--	---	--	--	---

					әлеуметтік зерттеулерде тәжірибелік дағдыларын қолдана алады. 5. Курс білім алушыларға қазіргі әлемдегі көші-қон үдерістерін ғылыми тұрғыдан талдай білетін және практикалық шешімдер ұсына алатын кәсіби қабілет қалыптастырады.
2-курс					
	Тарихи-антропологиялық зерттеулердегі пәнаралық әдістер (қазақ тілінде)	Бұл курс зерттеушілерге тарих пен антропологияны кеңірек қарастырып, өткенді әртүрлі дереккөздер арқылы жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол ғылымдардың интеграциясын күшейтіп, жаңа әдістемелік тәсілдерді қолдану арқылы тарихи процесстерді тереңірек түсінуге көмектеседі.	Курс қоғамтанудың ғылыми парадигмаларының эволюциясы контекстінде тарихтың, басқа да әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың пәнаралық кооперациясы феноменінің қалыптасу үдерісін қарастыруға, тарихи зерттеулердегі антропологизация тенденциясын бекітуге арналған. Курсты оқу барысында магистранттар аралас әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың теориялық тәсілдері мен әдістерін, оларды қолданудың әдіснамалық принциптерін, осы саладағы тарих ғылымының жетістіктерін талдайды	Пререквизиттер: Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау Постреквизиттер: Қазіргі тарих ғылымындағы пәнаралық байланыстар	1. ОН 8. Ғылыми зерттеу нәтижелерін сыни бағалайды және қорытындылайды; іргелі және қолданбалы пәндер білімдерін, заманауи әдіснамалық, пәнаралық тәсілдерді, зерттеудің жалпы ғылыми және тарихи әдістерін пайдалана отырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлайды және жүргізеді. 2. Тарихи және антропологиялық зерттеулердің негізгі әдістерін меңгеру. Теориялық білімді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдана білуі; 3. Пәнаралық тәсілдер арқылы тарихи оқиғалар мен әлеуметтік үдерістерді кешенді түрде зерттеу; 4. Түрлі ақпарат көздерінен алынған

					мәліметтерді сараптай, жүйелей, археологиялық, дала зерттеулерінің мәліметтерін қолдана отырып, олардың әлеуметтік және танымдық құндылығын аша білу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау барысында талдай, сұрыптай алуы; 5. Заманауи сандық технологиялар мен талдау әдістерін тарихи-антропологиялық зерттеулерге енгізу.
	Қазіргі этнологияның өзекті мәселелері (қазақ тілінде)	Жеке тарихи ғылым ретінде этнологияны оқи отырып білім алушылардың толық дүниетанымын қалыптастыру, этнологияның ролі мен мәнін ашу	Курс этникалық психология және этномәдениеттің негізгі мәселелерін, антропогенез және расогенездің қазіргі теорияларын, антропогенез және этногенездің өзекті мәселелерін, этностарды сыныптауды жан-жақты талдауға арналған, сондай-ақ курс барысында этносаралық коммуникация ерекшеліктері, этникалық жанжалдардың типологиясы және оларды реттеу жолдары, тұлғаның этникалық бірегейлігі, этникалық стереотиптер және оларды еңсеру тәсілдері де талданады.	Пререквизиттер: Отан тарихы өзекті мәселелеріне қазіргі теориялық-методологиялық көзқарас Постреквизиттер: Білім берудің келесі кезеңі	ОН 6. Тарих ғылымының түрлі бағыттарының (демография, көші-қон үдерістері, этнология және т.б.) қазіргі даму үрдістері туралы білімдерді меңгерген, түрлі тарихнамалық мектептердің тұжырымдамаларына сыни қарайды және зерделейді, отандық және батыс тарихнамасының теорияларын ажыратады; Тарихтағы алдыңғы қатарлы білім элементтерін қоса алғанда, этнология саласындағы негізгі ережелер мен тұжырымдамаларды біледі; Этнологияның өзекті мәселелері бойынша

					қалыптасқан теориялық білімдері мен икем-дағдыларын оқу практикалары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолдана алады, зерттеулерді жүзеге асырады; Тарихи ақпаратты игереді, талдайды, пайдалана алады. Маңызды ақпаратты жаңғырту, түсіндіру, есте сақтау қабілеті мен өз бетінше түсіндіру қабілетін меңгереді; Ғылыми материалдарды дайындау, тарих ғылымдары саласындағы нәтижелерді өндеуді жүзеге асыра алады, өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыру, кәсіби іс-әрекетінде қолданатын ақпаратты жинау, сақтау, өндеу әдістерін меңгереді; Этнология пәніне қатысты теориялық білімдер жүйесін қалыптастырып, әдіснаманың өзекті мәселелеріне тарихи баға беруге дағдыланады.
	Қазіргі тарих ғылымындағы пәнаралық байланыстар (қазақ тілінде)	Қазіргі тарих ғылымының дамуы жағдайында пәнаралық зерттеулердің негізгі бағыттарын терең	Курс қазіргі заманғы тарих ғылымындағы пәнаралық байланыстардың жіктелуі мен типологиясын талдауға, жалпы ғылыми және нақты-тарихи зерттеулердің кешенді әдістемесі	Пререквизиттері: Ғылым тарихы мен философиясы, Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау, Отан	1. ОН 8. Ғылыми зерттеу нәтижелерін сыни бағалайды және қорытындылайды; іргелі және қолданбалы пәндер білімдерін, заманауи

		және жан-жақты түсінуге және меңгеруге мүмкіндік беру.	негізінде зерттеу қызметін ұйымдастыруға арналған. Курсты оқу барысында магистранттармен қазіргі тарихи зерттеулердегі пәнаралық тәсіл, тарих ғылымының басқа гуманитарлық ғылымдармен біртұтас зерттеу кеңістігіндегі жоспарлы ынтымақтасуы туралы білімдер жүйеленеді.	тарихының өзекті мәселелеріне қазіргі теориялық-методологиялық көзқарас, Тарихи-антропологиялық зерттеулердегі пәнаралық әдістер. Постреквизиттері: Келесі білім деңгейі	әдіснамалық, пәнаралық тәсілдерді, зерттеудің жалпы ғылыми және тарихи әдістерін пайдалана отырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлайды және жүргізеді. 2. Тарих ғылымындағы пәнаралық зерттеулердің теориялық және әдіснамалық негіздерін анықтайды және түсінеді. Пәнге қатысты білім элементтерін ережелер мен тұжырымдамаларды, пәннің мәнін түсіне біледі. 3. Қазіргі заманғы тарихи зерттеулердегі пәнаралық тәсілдерде қолданылатын зерттеу құралдарын анықтайды, талдайды және түсінеді. Қазіргі заманғы тарихи зерттеулерде қолданылатын әртүрлі дәрежедегі жалпылық теориялар кешенің іс жүзінде қолдану дағдыларын дамытады. 4. Пән бойынша теориялық білімдері мен икем-дағдыларын оқу практикалары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолдана алады. 5. Ғылыми материалдарды дайындау, тарих ғылым саласындағы нәтижелерді
--	--	--	--	---	--

					өндеуді жүзеге асырылады, өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыру, кәсіби іс-әрекетінде қолданылатын ақпаратты жинау, сақтау, өндеу, эссе, баяндама, мақала дайындау әдістерін меңгереді. 6. Пәнге қатысты теориялық білімдер жүйесін қалыптастырып, жаһанданудың өзекті мәселелеріне тарихи баға береді.
	Ресей империясының ұлт саясатындағы қазақ элитасы (қазақ тілінде)	Ресей империясына қызметтегі қазақ-шыңғыс ұрпақтары курсының мақсаты – Ресей империясының саясатына Орта Азия мен Орал-Еділ аймағындағы көшпенді жартылай көшпенді халықты игеруге қатысын сұлтан-билеушілер институты арқылы қарастыра отырып, қазақ даласының XIX ғасырдағы саяси тарихын түсіну.	Курс қазақ элитасының өңірлік басқаруға қатысу тарихын, әлеуметтік үдерістерді методологиялық талдау мәселелерін зерделеуге, элитаның құрылымы мен ынтымақтасу деңгейін айқындауға, элитаның ритуальды-символикалық иллюстративті статусын қарастыруға арналған. Магистранттар жергілікті қазақ элитасының жоғары мемлекеттік билікпен қатынасын, элиталық топтың қалыптасу табиғаты туралы мәселеге қатысты түрлі зерттеуші мектептердің көзқарастарын зерттейді.	Пререквизиттері: Отан тарихының өзекті мәселелеріне қазіргі теориялық-методологиялық көзқарас Постреквизиттері: Докторантура деңгейінің пәндері	1. ОН 1. Әлемдік дамудың қазіргі үрдістерін, жаһандық геосаяси үдерістерді талдайды, негізгі тұжырымдамаларды, сондай-ақ қазіргі халықаралық қатынастардың басты мәселелерін ажыратады; тарихи дамудың саяси, әлеуметтік-мәдени, экономикалық факторларын, сондай-ақ адами фактор мен өркениеттік құрамдас бөліктердің рөлін бағалайды. 2. Рейседің және Орта Азия елдерінің Қазіргі заман тарихының басты проблемаларының негізгі тарихнамалық түсіндірмелерін;

					империализмнің отарлық жүйесінің дағдарысын, ыдырауы және күйреуі туралы біледі және түсінеді; 3. Пән туралы ғылыми ақпаратты сауатты түрде айта алу, негізгі ұғымдар мен терминдермен жұмыс жасау, оқытылатын курстың негізгі мәселелері бойынша пікірталастар жүргізу; алған білімдерін кәсіби іс-әрекетте қолданады; 4. Тарихи құбылыстардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтай біледі, тарихи фактілерді салыстырады, олардағы жалпы және ерекше қасиеттерді ажыратады; ұсынылған дереккөздерімен және ғылыми әдебиеттермен өз бетінше жұмыс жасау, әр түрлі түсініктерді талдайды және салыстырады; 5. Заманауи тарих ғылымының даму тенденцияларына сай теориялық білім қоры аясындағы пән бойынша базалық білімін зерттеушілік және кәсіби бағытта қолдану дағдыларын
--	--	--	--	--	---

					қалыптастырады.
	Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар (қазақ тілінде)	Білім алушылардан шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар туралы білімдерін кеңейту.	Білім алушыларға ХІХ ғ. тарихи ойлау түрлері, классикалық историзм, оның ғасырлар тоғысындағы дағдарысы, анналдар мектебі, оның екінші буыны, ментальдылық тарихы және тарихи антропология, жаңа әлеуметтік тарих, сандық тарих, психотарих, микротарих, күнделікті тарих, ХХ-ХХІ ғасырлар тоғысындағы тарихи ойдың даму тенденциялары туралы білімдер беріледі.	Пререквизиттері: Ғылым тарихы мен философиясы, Әлем тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас. Постреквизиттері: Қорытынды аттестация, диссертация қорғау	1. ОН 6. Тарих ғылымының түрлі бағыттарының (демография, көші-қон үдерістері, этнология және т.б.) қазіргі даму үрдістері туралы білімдерді меңгерген, түрлі тарихнамалық мектептердің тұжырымдамаларына сыни қарайды және зерделейді, отандық және батыс тарихнамасының теорияларын ажыратады. 2. Заманауи шетелдік тарихнамадағы негізгі жаңа бағыттарды (микроистория, постколониалдық зерттеулер, гендерлік тарих, жаһандық тарих, цифрлық тарих және т.б.) түсінеді және олардың теориялық негіздерін біледі. 3. Білім алушыдәстүрлі және заманауи тарихнамалық көзқарастарды салыстыра отырып, тарихи құбылыстар мен оқиғаларды сыни талдай алады, жаңа әдіснамалық тәсілдерді қолдана отырып ғылыми қорытынды жасайды.

					4. Шетелдік тарихнаманың жаңа бағыттарын ғылыми зерттеулерде, тарихи жобаларда және аналитикалық жұмыстарда қолдана алады; сондай-ақ олардың ұлттық тарихты зерттеу және интерпретациялаудағы мүмкіндіктерін бағалай алады. 5. Курс, студентке шетелдік тарихнаманың жаңа бағыттарын меңгеріп, оларды ғылыми зерттеуде және тарихи құбылыстарды талдауда қолдана білетін кәсіби қабілет қалыптастырады.
	Жады және мәдени бірегейлік (қазақ тілінде)	Тарихи жады мен мәдени дәстүрлердің өзара байланысын зерттеу арқылы ұлттық мәдени бірегейлікті түсіндіру және сақтауға бағытталған білім мен дағдыларды қалыптастыру.	Магистранттар «жады» ұғымы аясындағы ғылыми дискурста оны ұжымдық бірегейліктің құралы және коммуникацияның өнімі ретінде қарастырып, теориялық білімдерін жүйелейді. Пәнді оқыту Морис Хальбвакстың ұжымдық жады теориясына, Ян мен Алейда Ассманның мәдени бірегейлік жөніндегі тұжырымдамаларына, сондай-ақ Харальд Вельцер мен Сабина Моллердің еңбектеріне негізделеді. Курста жадының мәдени аспектілері, жады мен тарихтың арақатынасы, олардың	Пререквизиттер: Ғылым тарихы мен философиясы, Тарихи-биографиялық зерттеудің теориясы мен практикасы Постреквизиттер: Білім алудың келесі деңгейінің пәндері	1. ОН 5. Әлемдік өркениет үдерісінің заңдылықтары туралы білім мен түсінікті жинақтайды және қолданады, тарихи білімнің әртүрлі салаларындағы негізгі үрдістер мен тұжырымдамаларды талдайды және бағалайды, отандық және дүниежүзілік тарихтың өзекті мәселелеріне ғылыми талдау жүргізу кезінде дәлелдер келтіреді және негіздейді.

			айырмашылығы мен өзара ықпалы жан-жақты зерттеледі.		2. Мәдениет пен тарихи жады арасындағы байланысты, халық пен қоғамның мәдени бірегейлігін қалыптастыратын негізгі элементтерін түсінеді; тарихи жадтың қоғамдық санадағы рөлін біледі. 3. Тарихи деректер, ауызша және жазба мұраларды пайдалана отырып, мәдени бірегейлікті зерттеп, салыстырмалы талдау жасай алады; ұлттық жад пен мәдени дәстүрлердің өзара ықпалдастығын бағалай алады. 4. Білім алушы тарихи және мәдени жадыға негізделген ұлттық мәдени бірегейлікті сақтау және дамыту бағытындағы жобалар мен зерттеулер жүргізе алады; сонымен қатар бұл білімді білім беру, музей ісі және мәдени саясат саласында қолдануға қабілетті болады. 5. Курс. тарихи жады мен мәдени бірегейлікті ғылыми тұрғыда түсініп, оны практикалық қолдануда пайдалана алатын кәсіби қабілет қалыптастырады.
--	--	--	---	--	---

